**Автор**: Махамаджанова Мария Турегелдиқызы
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары
**Тақырып**: Олимпиада чемпиондары - Қазақстан мақтанышы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.О3.Орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;<br>6.Ж4. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар орындай алады:** сөздердің аудармасын табады, сөздерге 5 сөз тіркесін құрастырады , сұрақтарға жауап береді, мәтіннен жеңімпаз спортшылардың есімдері мен спорт түрлерін анықтайды , кестеге түсіреді<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** мәтіннің тақырыбын анықтайды , негізгі ойды білдіретін ойды екі-үш сөйлеммен жеткізеді, мәтін бойынша спортшылардың қашан және қайда жүлделі орын алғандарын талқылайды<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** мәтіннің негізгі идеясын ашатын 5 сөйлем құрастырады , мәтіннің мазмұнын баяндайды , мәтінге сүйене отырып өз ойларын дәлелдеп жеткізеді |
| Тілдік мақсаттар: | сөздердің аудармасын табады, мәтіннің тақырыбын анықтайды, сұрақтарға жауап береді, негізгі идеяны табады, баяндайды, кесте-сызбалар жасайды |
| Бағалау критерийлері: | Орта көлемді шығармаларды түсіну;<br>Мәтін тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;<br>Мәліметтерді жинақтау;<br>Тақырып бойынша сызба-кестелер жасау. |
| Құндылықтарды дарыту: | Спорт жұлдыздарына құрметпен қарауды, жетістікке жетер жолдың қиындықтарын үйренеді |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | презентация (Миллион кімге бұйырады) |
| Пәнаралық байланыс: | дене шынықтыру, тарих |
| Бастапқы білім: | Олимпиада ойындарының түрлерін ажырата алады |

## Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | **Сергіту сәті:** «Қазақия» https://www.youtube.com › watch<br>**Топқа бөлу:** «Медальдар» әдісі. Оқушылар медальдарды таңдап, бүгінгі сабақта жеңімпаз боламыз деген ниетпен мойындарына тағып алады<br>**Ширату жаттығуы:** Олимпиада чемпиондарының қатысуымен бейнеклип<br>Сұрақтар: - Олимпиада чемпиондарынан кімдерді білесіздер?<br>- Олардың ішінде кімдерді ерекше жақсы көресің?<br>- Қандай спорт түрлерін ұнатасың? | https://www.youtube.com › watch |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20 минут) | **1-тапсырма:** мәтінді түсініп, негізгі ойды анықтау / «5/5/5» әдісі. (топтық жұмыс)<br>БО: мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздердің аудармасын табу, сөздерге 5 сөз тіркесін құрастыру (аударма сөздік)<br>ББ: берілген 5 сурет арқылы мәтіннің тақырыбын анықтау (Суреттер, тірек сөздер жазылған қима қағаздар)<br>КО: мәтіннің негізгі идеясын ашатын 5 сөйлем құрастыру (Сөз тіркестері)<br>**Кері байланыс: «Қарлы кесек» әдісі** (топаралық бағалау)<br>**2 – тапсырма:** мәтінді оқып, түсінгендерін баяндау / «Теңге ілу» әдісі(жеке жұмыс)<br>БО: Қарапайым сұрақтарға жауап беру (мәтін)<br>ББ: Негізгі ойды білдіретін ойды екі-үш сөйлеммен жеткізу (үлгі)<br>КО: Мәтіннің мазмұнын баяндау (сөз тіркестері жазылған қима қағаздар)<br>**Кері байланыс: «Орамал тастау» әдісі** (өзін-өзі бағалау)<br>**3 – тапсырма:** Мәтінді оқып, түсінгендерін сызбаға түсіру / «Прожектор моделі» әдісі (жұптық жұмыс)<br>Жеңімпаз: Кім?<br>Спорт түрі: Қандай?<br>Мемлекет: Қайда? Қай жылы? Н<br>еше жүлделі орынға ие?<br>Дәлел: Кімге ұқсағың келеді? Неліктен?<br>Пікір: Сол үшін қандай әрекет жасар едің?<br>БО: Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөз тіркестерін теріп жазу (суреттер)<br>ББ: Мәтінге сай келетін бірнеше тақырып қою<br>КО: Кестеге қарап, мәтінді баяндау (қосымша мәлімет жазылған кесте)<br>**Кері байланыс: «Жұбыңды тап» әдісі** (өзара бағалау, сұрақтар мен жауаптар жазылған қима қағаздар таратылады, сұрақ пен жауап бір-бірін дұрыс табуы тиіс) | |
| Сабақтың соңы<br>(7 минут) | **4 – тапсырма:** Жинаған мәліметтерін өмірмен байланыстыру / «Креативті матрица» әдісі (топтық жұмыс)<br>БО: Мәтіннен жеңімпаз спортшылардың есімдері мен спорт түрлерін кестеге түсіру<br>ББ: Мәтін бойынша спортшылардың қашан және қайда жүлделі орын алғандарын талқылау<br>КО: Мәтінге сүйене отырып өз ойларын дәлелдеп жеткізу<br>**Кері байланыс: «Элективті тест»** әдісі (топаралық | |
| Рефлексия<br>(8 мин) | Рефлексия: «Миллион кімге бұйырады?» ойыны Миллион кімге бұйырады.ppt | |